

Қазақстан Республикасы Конституциясының 2-бабы 2-тармағын және 6-бабы 3-тармағын ресми түсіндіру туралы

Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің 2003 жылғы 23 сәуірдегі N 4 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, Төраға Ю.А.Хитрин, Кеңес мүшелері Х.Ә.Әбішев, Қ.Ж.Балтабаев, С.Ф.Бычкова, А.Есенжанов, А.К.Котов және Қ.Ә.Омарханов қатысқан құрамда, мыналардың:

өтініш субъектісінің өкілі - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Р.Қ.Сарпековтің,

Республика Әділет министрі О.И.Жұмабековтің,

Республика Бас Прокурорының орынбасары А.Қ.Дауылбаевтың,

Республика Сыртқы істер вице-министрі В.П.Зверьковтың,

Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің Төрағасы Б.С.Оспановтың қатысуымен,

өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Төрағасының Қазақстан Республикасы Конституциясы 2-бабының 2-тармағын және 6-бабының 3-тармағын ресми түсіндіру туралы өтінішін қарады.

Қолдағы бар материалдарды, соның ішінде сарапшылар - Ұлттық Ғылым академиясының мүше-корреспонденті, заң ғылымының докторы, профессор Ғ.С.Сапарғалиевтің және Ұлттық Ғылым академиясының мүше-корреспонденті, заң ғылымының докторы М.К.Сүлейменовтің қорытындыларын зерделеп, баяндамашы - Конституциялық Кеңестің мүшесі С.Ф.Бычкованы, отырысқа қатысушылардың сөздерін тыңдап шығып, **Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі** мынаны **анықтады:**

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Төрағасының Қазақстан Республикасы Конституциясы 2-бабының 2-тармағын және 6-бабының 3-тармағын ресми түсіндіру туралы өтініші келіп түсті.

Өтініш субъектісі Қазақстан Республикасы Конституциясының, "мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді", - делінген 2-бабы 2-тармағына және "Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін", - деп белгіленген 6-бабының 3-тармағына ресми түсіндірме беруді сұрайды. Бұл орайда ол, Конституцияның аталған нормаларынан, Қазақстан Республикасында

тіркелген дипломатиялық өкілдіктерді тек орналастыруға ғана арналған жер учаскелерін шет мемлекеттердің меншігіне беру туралы мәселені заң актілері деңгейінде шешуге жол берілетіндігі келіп шыға ма, - деген сұраққа жауап алуды көздейді.

Конституцияның 2-бабы 2-тармағын және 6-бабы 3-тармағын өтініш нысанына қатысты түсіндірген кезде Конституциялық Кеңес мынаны ескерді.

1. Қазақстан Республикасының Конституциясындағы Қазақстан аумағы деген түсінік оның егемендігі деген түсінікпен тығыз байланысты. Конституцияның 2-бабы 2-тармағында "Республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды" деп белгіленген

Мемлекет аумағы сол мемлекет өмір сүретін және егемен билік ұйымы ретінде қызмет істейтін кеңістік шегін білдіреді, бұл билік осы аумақтағы ең жоғары, біртұтас және тәуелсіз билік болып табылады. Республика кеңістігі қамтитын жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар Қазақстанның жария-құқықтық меншігіне жатады.

Мемлекеттің өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етуі, мыналарға:

- мемлекеттің экономикалық ықпалдастықтағы иммунитетін нығайтуға;
- Қазақстан Республикасы өз аумағының бір бөлігін өзге мемлекетке біржақты тәртіппен беруі заң жүзінде мүмкін болмауына;
- Республиканың аумағын басып алуға, қосып алуға немесе бөлуге жол берілмеуіне;
 - мақсаты немесе іс-әрекеті Қазақстан Республикасының тұтастығын бұзуға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне тыйым салуға;
- жер-жерлердегі мемлекет органдарының біржақты тәртіппен мемлекет құрамынан шығу және өзінің құқықтық мәртебесін өзгерту туралы мәселені қою құқығы болмауына;
- мемлекет органдарына Республиканың егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғау және сақтау жөніндегі қажетті және жеткілікті шараларды қабылдау жөніндегі міндеттерді жүктеуге бағытталған экономикалық, саяси, әскери, құқықтық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешенін әзірлеуді және жүзеге асыруды көздейді.

Аумақтық тұтастық - Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін айқындаушы шарт болып табылады.

Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығын өзгерту, Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде бастамашылық жасауға арқау бола алмайды. "Қазақстан Республикасы Парламенті өзгерістер мен толықтырулар енгізген Конституция нормалары бөлігіне қатысты Қазақстан Республикасы Конституциясы 53-бабының 1) тармақшасына және 91-бабының 1-тармағына ресми түсінік беру туралы" Конституциялық Кеңестің 1998 жылғы 4 желтоқсандағы N 13/2 қаулысында : "

Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге байланысты Парламент құзыреті Конституцияның 91-бабы 2-тармағымен шектеліп", - делінген.

Конституцияның бұл аталған нормаларынан келіп шығатыны, Қазақстан Республикасы өз аумағында тіркелген дипломатиялық өкілдіктерді орналастыру үшін жер учаскелерін, бұл учаскелердің мемлекеттің жария-құқықтық меншігінен алынып тасталуына әкеп соқтырмайтын құқықтық нысанда ғана шет мемлекеттерге бере алады. Республика аумағында дипломатиялық өкілдіктері тіркелген шет мемлекеттерге Қазақстан Республикасының жер учаскелерін жалға беру шартымен пайдалануға беруі осындай құқықтық нысан болып табылады. Қазақстан Республикасының аумағы, мемлекеттік шекарамен белгіленген жалпы кеңістік шегі ретінде өзгеріссіз сақталады.

Қаралып отырған мәселені шешер кезде, Конституцияның 8-бабының "Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтың принциптері мен нормаларын құрметтейді, мемлекеттер арасында ынтымақтастық пен тату көршілік қарым-қатынас жасау, олардың теңдігі мен бір-бірінің ішкі істеріне араласпау саясатын жүргізеді" деген ережелері назарға алынуға тиіс.

Мемлекеттің аумақтық тұтастығы мен қол сұғылмауы халықаралық құқықтың түбегейлі принциптерімен де, Қазақстан Республикасының Конституциясымен де қорғалады. Республиканың дипломатиялық өкілдіктер орналасуы үшін шет мемлекеттерге жер учаскелерін пайдалануға беруі, мынадай:

- аталған жер учаскелерінің белгілі бір мақсатқа арналуы (оларды Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық өкілдіктерді тек орналастыру үшін ғана пайдалану);

- жер учаскелерінің мемлекеттер арасындағы өзара кепілдік пен тең құқылық принциптері негізінде берілуі;

- жер учаскелері жөніндегі дауларда Қазақстан Республикасының мүддесін сақтауға кепілдік беретін, Қазақстан Республикасындағы шет мемлекеттердің иммунитеті туралы заң актісінің қабылдануы секілді, Республика аумағының тұтастығына, қол сұғылмауына және бөлінбеуіне берілетін қосымша құқықтық кепілдіктерді қажет етеді.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Конституциялық Кеңесінің 17.04.2017 № 2 нормативтік қаулысымен.

2. Конституцияның 6-бабы 3-тармағына сәйкес "Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін".

Бұл нормадан келіп шығатыны, Конституция жер қатынастарын реттеген кезде мемлекеттің жоғары тұруын баянды етеді, ол, тіпті жерге деген тек қана мемлекет меншігі режимін белгілеуге дейін бара отырып, меншіктің және жер айналымының құқықтық режимдерін айқындайды. Жердің жеке меншікте болуының негіздерін, шарттары мен шектерін, сондай-ақ оның субъектілері мен объектілерін заң шығарушы

белгілейді. Конституцияның 6-бабы 2-тармағында, "меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдіктері заңмен белгіленеді", - деп бекітілген.

Республика, өз аумағында тіркелген дипломатиялық өкілдіктерді орналастыру үшін шет мемлекеттерге жер учаскелерін пайдалануға бере отырып, өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етуге міндетті. Жер учаскелерін берудің шарттары Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен қарым-қатынасының ерекшеліктеріне қарай нақтыланады. Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттар осы талапты жүзеге асырудың құқықтық нысаны болып табылады.

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 32, 33, 37-баптарын басшылыққа алып, өтініш мәселесіне қатысты Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының, мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді делінген 2-бабы 2-тармағын, оның аумағын бөлшектеуге, мемлекеттің келісімінсіз табиғи ресурстарды пайдалануға және Қазақстан аймақтарының мәртебесін өздігінше өзгертуге жол бермеушілік, мемлекеттік шекараның мызғымастығы және мемлекеттің ұлттық мүддесі мен егеменді теңдігіне нұқсан келтіретін аумақтық шегінімге тыйым салу деп түсінген жөн.

Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық өкілдіктерді орналастыру үшін жер учаскелері шет мемлекеттерге жалға беру шартымен пайдалануға беріледі. Өздерінің дипломатиялық өкілдіктері орналасатын аумақта шет мемлекеттердің юрисдикциясы халықаралық құқықпен танылған және Қазақстан Республикасы Конституциясының 2-бабы 2-тармағында баянды етілген аумақтың егемендігі, тұтастығы, қол сұғылмауы және бөлінбеуі принциптерін бұзбайды.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 6-бабы 3-тармағы, жер қатынастарын реттеу құқығы мемлекетке тиесілі екенін, ол меншіктің және жер айналымының құқықтық режимдерін белгілейтінін білдіреді. Жердің жеке меншікте болуының негіздерін, шарттары мен шектерін, сондай-ақ оның субъектілері мен объектілерін заң шығарушы белгілейді.

Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық өкілдіктерді орналастыру үшін шет мемлекеттерге жер учаскелерін пайдалануға беру, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабы 3-тармағына сәйкес қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, шағымдануға жатпайды, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы

Конституциясының 73-бабы 4-тармағында көзделген ретті ескере отырып, түпкілікті болып табылады.

Қазақстан Республикасы
Конституциялық Кеңесінің
Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК